

ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БАҒЫТЫ
НАПРАВЛЕНИЕ ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ НАУК
DIRECTION OF PHILOLOGICAL SCIENCES

тақырыптық рубрикалар/тематические рубрики/ subject headings

ТҮРКІТАНУ
ТЮРКОЛОГИЯ
TURKOLOGY

FTAXP:16.75.14

<https://orcid.org/0000-0001-6160-3468>

<https://orcid.org/0000-0002-9245-7414>

<https://orcid.org/0000-0001-8936-8071>

Бескемпирова Г.К., Турсунбаева Г. К. *, Бекмұхамед С.П.

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

филолог.ғ.к., аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

магистр оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

ТҮРКІ ҚАҒАНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛЫ ЖОРЫҚТАР ЖӘНЕ
КӨНЕ ТҮРКІ РУНА ЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ МӘНІ

***Автор-корреспондент:** gulzhan.beskempirova@auuezov.edu.kz

Түйін: мақалада Түркі қағандығын қалыптастырудағы ұлы жорықтардың тарихи маңызы және олардың көне түркі руна жазба ескерткіштерінде көрініс табуы қарастырылады. Білге қаған дәуіріндегі саяси-әлеуметтік өзгерістер, түркі халықтарының мәдени мұрасының қалыптасуы және Орхон, Енисей, Талас өңірлеріндегі жазба ескерткіштердің қазақ халқы тарихымен сабақтастығы ғылыми тұрғыда талданады. Сонымен қатар көне түркі жазбаларының ұлттық рухани мұра ретіндегі құндылығы айқындалады. Түркі өркениетінің қалыптасуы мен дамуы адамзат тарихындағы аса маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Әсіресе Түркі қағандығының құрылуы – саяси тәуелсіздікке ұмтылған халықтардың күресінің нәтижесі ғана емес, сонымен қатар біртұтас мемлекеттік жүйе мен рухани-мәдени кеңістіктің қалыптасуына негіз болған тарихи құбылыс. Бұл үдерісте көк түріктер жүзеге асырған ұлы жорықтар ерекше орын алады. Олар тек әскери жорық ретінде емес, жаңа саяси құрылым орнатуға, халықты біріктіруге және ұлттық сананы нығайтуға бағытталған ауқымды тарихи қозғалыс ретінде бағаланады. Қазақ халқының ислам діні енгенге дейінгі Тәңірге табыну нанымдары мен ежелгі дәстүрі, түркілік-ұлттық рухы тасқа және қағазға жазылған көне түркі руна жазбаларының қан таратар жұлыны болып жасалған. Бесіншіден, Орхон, Енисей Алтай, Талас өңіріндегі тасқа түсірілген көне түркі жазбалары қазақ халқына тікелей қатысты төл мұрасы деуге болатынын мұнан да нақтылай, айғақтай түсу үшін академик Ә.Марғұлан: «Ең таңсық нәрсе Алтай мен Моңғол жерінен табылған үңгіттер мен керейлердің жазулары».

Кілт сөздер: Түркі қағандығы, Білге қаған, руна жазба, Орхон ескерткіштері, ұлттық мұра, түркі өркениеті, Тәңірге табыну, жорықтар, тәуелсіздік, ұлттық рух

МРНТИ: 16.75.14

<https://orcid.org/0000-0001-6160-3468>

<https://orcid.org/0000-0002-9245-7414>

<https://orcid.org/0000-0001-8936-8071>

Бескемпилова Г.К., Турсунбаева Г. К. *, Бекмұхамед С.П.

старший преподаватель, ЮКИУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан.

к.филолог.н., старший преподаватель, ЮКИУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан.

магистр преподаватель, ЮКИУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан.

ВЕЛИКИЕ ПОХОДЫ НА ФОРМИРОВАНИЕ ТЮРКСКОГО КАГАНА И ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ДРЕВНЕТЮРКСКИХ РУНИЧЕСКИХ НАДПИСЕЙ

***Автор-корреспондент:** gulzhan.beskempirova@auuezov.edu.kz

Аннотация: В данной статье рассматривается историческое значение великих походов по формированию Тюркского каганата и их отражение в древнетюркских рунических письменных памятниках. Научно проанализированы политико-социальные изменения эпохи Бильге кагана, формирование культурного наследия тюркских народов и преемственность письменных памятников Орхонского, Сейского, Таласского регионов с историей казахского народа. Также определяется ценность древнетюркской письменности как национального духовного наследия. Становление и развитие тюркской цивилизации является одним из важнейших этапов в истории человечества. В частности, создание Тюркского каганата-это не только результат борьбы народов, стремящихся к политической независимости, но и историческое явление, послужившее основой для формирования единого государственного строя и духовно-культурного пространства. Особое место в этом процессе занимают великие походы, осуществленные синими турками. Они ценятся не только как военная кампания, но и как масштабное историческое движение, направленное на установление новой политической структуры, объединение населения и укрепление национального сознания. Древнейшие традиции и верования казахского народа в культ Тенгри до вступления ислама, тюркско-национальный дух были созданы как кровопролитие древнетюркских рунических надписей, написанных на камне и бумаге. В-пятых, для наглядности и наглядности можно сказать, что древнетюркские надписи на камне в Орхоне, Алтайсейском Алтае, Таласском крае являются своеобразным наследием казахского народа: «самое удивительное-это надписи мангит и кереев, найденные на Алтае и монгольских землях.

Ключевые слова: тюркский каган, Бильге Каган, руническая надпись, памятники Орхона, национальное наследие, тюркская цивилизация, поклонение Тенгри, походы, независимость, национальный дух

IRSTI: 16.75.14

<https://orcid.org/0000-0001-6160-3468>

<https://orcid.org/0000-0002-9245-7414>

<https://orcid.org/0000-0001-8936-8071>

Beskempirova G.K., Tursunbayeva G. K. *, Bektukhamed S.P.

senior lecturer, M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan.

candidate of philological sciences, senior lecturer, M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan.

master's degree in teaching, M.Auezov SKU. Shymkent, Kazakhstan.

THE GREAT CAMPAIGNS TO FORM THE TURKIC KHAGAN AND THE HISTORICAL SIGNIFICANCE OF ANCIENT TURKIC RUNIC INSCRIPTIONS

***Corresponding author:** gulzhan.beskempirova@auuezov.edu.kz

Abstract: This article discusses the historical significance of the great campaigns in the formation of the Turkic kaganate and their reflection in the ancient Turkic runic monuments. Political and social changes in the bilge Kagan era, the formation of the cultural heritage of the

Turkic peoples and the continuity of written monuments in the Orkhon, Yenisei, Talas regions with the history of the Kazakh people are scientifically analyzed. At the same time, the value of ancient Turkic inscriptions as a national spiritual heritage is revealed. The formation and development of Turkic civilization is one of the most important stages in the history of mankind. Especially the formation of the Turkic Khaganate is not only the result of the struggle of peoples striving for political independence, but also a historical phenomenon that served as the basis for the formation of a single state system and spiritual and cultural space. A special place in this process is occupied by the great campaigns carried out by the Blue Turks. They are valued not just as a military campaign, but as a large-scale historical movement aimed at establishing a new political structure, uniting the population and strengthening national consciousness. The ancient traditions and beliefs of the Kazakh people before the introduction of the Islamic religion, the Turkic-national spirit were created as a bloodshed of ancient Turkic runic inscriptions written on stone and paper. Fifth, the ancient Turkic inscriptions on stones in the Orkhon, Yenisei Altai, Talas region can be considered the original heritage of the Kazakh people, academician A. Margulan said: "the most amazing thing is the inscriptions of caves and Kerei found in Altai and Mongolian lands.

Keywords: Turkic kaganate, Bilge Kagan, rune inscription, Orkhon monuments, national heritage, Turkic civilization, Tengri worship, campaigns, Independence, National Spirit

Кіріспе

Түркі қағандығының күшеюі мен кеңеюі, оның халықаралық деңгейдегі беделінің артуы, ең алдымен, көреген саясат жүргізген билеушілердің қызметімен тығыз байланысты. Солардың ішінде Білге қағанның тарихи рөлі айрықша. Оның тұсында түркі мемлекеті саяси тұрақтылыққа қол жеткізіп, экономикалық және мәдени тұрғыдан дамыды. Бұл кезеңде жүзеге асқан тарихи оқиғалар мен қоғамдық өзгерістер көне түркі руна жазба ескерткіштерінде нақты әрі көркем түрде көрініс тапқан.

Көне түркі жазба мұралары - түркі халықтарының өткенін танытатын баға жетпес тарихи дерек көзі. Орхон, Енисей, Талас өңірлерінен табылған бұл ескерткіштерде түркі қоғамының саяси құрылымы, дүниетанымы, тарихи оқиғалары мен тұлғалары кеңінен сипатталады. Сонымен қатар бұл жазбалар түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің тарихи негіздерін айқындауда ерекше маңызға ие. Қазіргі кезеңде ұлттық тарихты жаңаша пайымдау, тарихи мұраларды терең зерттеу мәселесі өзекті болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, көне түркі руна жазбаларын кешенді түрде қарастыру, олардың мазмұнын ғылыми негізде талдау және қазақ халқының тарихи-мәдени дамуымен сабақтастығын анықтау – маңызды ғылыми міндеттердің бірі.

Осы мақалада Түркі қағандығын қалыптастырудағы ұлы жорықтардың тарихи мәні мен олардың көне түркі руна жазба ескерткіштерінде көрініс табуы жан-жақты қарастырылады.

Зерттеу мақсаты: Түркі қағандығын қалыптастырудағы ұлы жорықтардың тарихи мәнін айқындау, олардың көне түркі руна жазба ескерткіштерінде көрініс табуын талдау және осы мұралардың қазақ халқының тарихи-мәдени дамуымен сабақтастығын ғылыми тұрғыда негіздеу.

Зерттеудің міндеті: - Түркі қағандығының құрылу тарихы мен ұлы жорықтардың мазмұнын жүйелі түрде қарастыру; Білге қаған дәуіріндегі саяси және әлеуметтік өзгерістерді талдау; көне түркі руна жазба ескерткіштерінің мазмұнын, құрылымын және тарихи дерек ретіндегі маңызын анықтау; Орхон, Енисей, Талас өңірлеріндегі жазба мұралардың ерекшеліктерін салыстырмалы түрде зерделеу;

Материалдармен әдістер

Теориялық талдау

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы талдау, жүйелеу, сипаттау, мәтіндік талдау және дереккөздерді сараптау әдістері қолданылды. Сонымен қатар көне түркі руна

жазбаларының мазмұнын ашуда лингвистикалық талдау элементтері пайдаланылды. Зерттеу нысанын жан-жақты қарастыру мақсатында тарихи деректер мен ғылыми еңбектер кешенді түрде талданып, салыстырмалы әдіс арқылы қорытындылар жасалды.

Түркі қағандығын орнатудағы ұлы жорық әлем жұртшылығына шынайы азаттыққа жетудің жарасымды, жайлы тұрмыс құрудың нағыз үлгісі болып қалды. Дүние жүзі тарихына үңілгенде ерте дәуірде қанау мен езу, қорлаудан құтылудың ең тиімді, өміршең жолы – көк түріктер салған «Ұлы жорық жолы» екен. Осы әйгілі бастама идеясы жер шарына даңқы жайылған атақты қолбасшы, көсемдерге мақсат, міндеттерін айқындап берген бағдар шам болды. Біздің ежелгі дана бабаларымыздың түркі қағандығын орнатудағы ұлы жорықтарды биік қабырға тастарға сығылыстыра сыйғызып жазып, мәңгілік мұраға айналдыруының сыры осында жатыр. Түйіп білдірсек, түркі мемлекетін, түркі империясын орнатудағы ұлы жорықтың ауыр салмағы көк түрік кемеңгері Могилян – Білге қаған иығына түсті, соның ақыл-парасаты, тікелей басшылығы мен ерен батырлығы арқасында жүзеге асты.

Көк түріктердің ұлы жорықтары әлемді өзіне жалт қаратқан ірі мемлекет – түркі қағандығын дүниеге әкелді. Бұған түркітанушы ғалым И.В.Стеблеваның: «К концу VI в. превратили Тюркской каганат в мощную центрально азиатскую империю, которая простиралась от Каспийского моря на западе до Корейского залива на востоке. Это могущественная держава имела политические отношения с Ираном, Византией и Китаем», – деп жазғаны дәлел [1, 18-21]. Ал, Білге қаған билігі тұсында көк түріктер мұнан да кең аймақты иемденді.

Ақиқатында, түркі империясын орнатуда әкесі Құтлығ – Елтеріс пен ағасы Қапаған – Мочур бастаған ұлы жорықты әрі жалғастырып, солардың көздеген мақсатын орындап, елу жыл бодандық тұтқынына түсіп, тоз-тоз болып, аш-жалаңаштықтың азабын тартып, енді маңдайы ашыла бастаған көне түріктерді ел етіп, шұрайлы жерге орналастырып, олардың бәрін киімі бүтін, тамағы тоқ дәрежеге жеткізіп, көне түріктерге, шын мәнінде, мол байлық, бейбіт өмір сыйлап, түркі империясын тиянақты орнатқан осы Білге қаған-Могилян болатын, қытайша ол «Бике кэхань» деп аталды. Сондықтан Білге қаған көшпелілер тарихында түркі империясының іргесін қаласып, әрі толық орнатып берген ұлы тұлға. Түркі империясының бекем орнауы тарихта соның есімімен байланысты. Әйгілі қолбасшы, батыр Күлтегін көз жұмғанда айналасындағы көрші елдер мен қытай империясының патшалығы түркі елін билеп тұрған сол Білге қаған даңқы үшін, соған арнайы көңіл айту үшін келді. Оны қытай империясы сыйлады, айтқанын орындады.

Қырғыз халқы әйгілі «Манас» жырымен дүниеге түгел танылды. Тоғызыншы ғасырдың ортасында қырғыз мемлекеті құрылып, дәуірлеген тұстың өзінде дәу тасқа түсірілген ескерткіш жазбаларымен-ақ бұл халық әлемді таңдандырып отыр. Бауырлас өзбектер «Тумарис» атты эпостық шығармасымен мәдениеті ерте заманда қалыптасқан ел екенін мойындатты. Өзбек жұртының даңқын X ғасырда-ақ әлемге жайған Әбу Әли ибн Сина мен Әбу Райхан Бируни ғылымның әр саласында зор жаңалық ашса, Әлішер Науаи жасаған даналық көркем шығарма XV ғасырда дүние мәдениетінің алтын қорына барып қосылды. Осылай әрі қарай тізе беру артықтау шығар.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі аласапыран заманның сұрапыл борасыны жұтып қоймас үшін біздер көне мәдениетіміздің күре тамырына шаң қондырмай сақтап, әсіресе, ғасырлар бойы қалыптасқан бай ұлттық құндылықтарды қастерлей, бағалай білуіміз керек. Әйтпесе, техникалық ойы дамымаған қазақ халқы бір кезде тарихи аренадан көрінбей, табылмай қалуы мүмкін. Осындайда енді сүйенер басты тірек - түркілік ұлттық рухани мұралар. Атап айтқанда, бабаларымыз сандаған ғасырлар бойы дәу қабырға тастарға мәңгі жоғалмастай етіп қашап жазған аса мол мұра – көне түркі руна жазба шығармалары. Бұл асыл қазыналардың қатарына ежелгі заманда түркілердің осы төл әрпімен қағазға түсірілген «Алдыңды болжап

бал ашатын кітап» атты өлеңдер жинағын да қосу керек. «Қазақ» сөзінің төркіні «сақ, кас-сақ» атауында жатқанын да ғылыми негізде мәлімдедік [2, 56-76]. Қазақ мәдениеті, әдебиеті, тарихының теңдесі жоқ білгірі Ә.Марғұланның: «Қазақ сөзі қадымнан ескі ат. Тайпа жасауда дархан ағаш сияктанып тұрады»,—деп айтуының түйіні осында жатқан болуы керек [3, 143]. Қазақ халқының таңба-белгілері мен көне түркі руна алфавиті арасында аз ғана айырмашылықтар бар. Тасқа түсірілген көне түркі руна жазбалары көптеп табылған Орхон, Енисей, Талас өзендері мен Алтай тауы аймақтарын ежелден қазақ халқының құрамына енген тайпалар мекендеген. Демек, олардың сол жазбаларды жасауға қатысқаны күмән туғызбайды.

Көп табылған әсіресе үңгіттердің тас жазулары. С.Е.Маловтың көп заманнан зерттеуінше, Енисей мен Тува жерінде тұрған құлпытастардың таңбалары ескі үйсіндікі үш әліп, қаңлынікі (айтамға), өңгіт – керейт елінің тамғалары. Абахан өзенінің бойынан, Ачурадан табылған Орхон жазуы. Ол жазудың мазмұны бір ғана найман елінің тарихын суреттейді. Орхон жазуын көп қолданған елдің бірі қыпшақтар»,—деген тұжырымын еске салуға мәжбүрміз [4, 138-141]. Осы үзікте аталған тайпалар қазақ халқының құрамына жататыны баршаға мәлім. Алтыншыдан, тасқа түсірілген көне түркі руна жазбаларындағы сөздердің мағынасына түсіну, ұғыну бізге ешқандай қиындық тудырмайды. Бірталай сөйлемдер қазақ тілінде жазылғандай болып танылады. Тізе берсе осындай бұлтартпас мәліметтер жетерлік.

Бұған тағы қосарымыз, бірнеше аймақтардағы самсаған дәу тастарға жазылған көне түркі руна жазбалары осы кезге дейін арнайы, толымды түрде зерттелінген емес. Орхон ескерткіштері ішінде Күлтегін мен Тоныкөк жазбалары ғана ертеректе шығыстанушы бірсыпыра ғалымдардың назарына ілігіп, жалпылама түрде сөз болып, долбар тұжырымдар жасалынды. Ақиқатында, көне түркілердің бірталай аймақтарда самсаған тастарға жазылған шығармалары, тіпті, келелі сөз болған емес. Соған сәйкес, көне түркі руна жазба шығармаларын кешенді түрде тұтастай алып зерттеп, барлық сыр-сипатын ашып, шынайылықпен ғылыми тұжырымдар жасап, біздің бабаларымыз Орхон, Енисей, Талас, Алтай, Турфан өңірлеріндегі көне түркі руна жазба ескерткіштерін жазу және жасауға өз үлестерін қосқанын нақтылықпен айқындап, қазақ халқының жазуы, таңба-бейнесі, мәдениеті, әдебиеті ежелгі заманда-ақ қалыптасқан өркениетті ел екенін әлемге жария ету, мойындату керек. Ғаламдану тұсында да, қай заманда да қазақ халқын жаһанға танытатын осы бабалардан қалған мол мұра – көне түркі руна жазба шығармалары[5, 68].

Содан кейінгі күрделі міндет мынау: шығыстанушы шетел ғалымдарының бірсыпырасы әр өлкелердегі көптеген қабырға, қой тастарға түсірілген көлемді жазбалар көне түркі жазба жәдігерлері екенін ғана ашты, әрі қарай зерттеуге бармады. Бәлкім, түркі халықтары өздері зерттеп алсын деген шығар[6, 54]. Сондықтан осы тың да аса күрделі саланы кең тұрғыда сөз етіп, біліктілікпен талдау жасап, барлық жұмбақ құпияларын ашып, әлем жұртшылығына соны ғылыми жаңалықтар сыйлайтын саликалы еңбектер ұсыну қажет.

Біздің бұл зерттеу жұмысымыз әуелден-ақ, осындай, бірнеше күрделі мақсаттар мен міндеттерді қоса қамтып шешетін нәтижелі жоспарға сай жүргізілді. Кейбіреуін атап көрсетсек, кез-келген жазба ескерткіштің қазақ халқына қатысы қандай деген сұрақ үнемі есте ұсталады. Мысалға, біздің кең тұрғыда талдау жасағалы отырған Орхон бойындағы Білге қаған жазба ескерткіші де, осы өңірдегі қабырға тастарға түсірілген өзге де көне түркі руна жазбалары да қазақ халқына тура ортақ мұра болып табылады, оған дәлел етер дерек, мәлімет, ғылыми тұжырым жетерлік. Бұл байламымызды И.Қабышұлының: «П.И.Ядринцев Орхон өзені бойындағы «Хошөө цайдам» деген жерден таңбалы жазуы бар ескерткіштер кесенесін табады. Бұл мұнан 1000 жыл бұрын найман мемлекетінің астанасы болған Қара Қорым қаласынан 32 шақырымда орналасқан-ды. Орхон өзені осы Қара Қорым қаласын қақ жарып ағып жатыр. Найман мемлекеті 1204 жылы Шыңғысханнан жеңіліп, ата қонысынан аластатылған. Е.Л.Клеменц ертедегі Керей мемлекетінің астанасы «Төр-хурах», қазақша Би-

төбеден 16 шақырым жерде орналасқан аса мол ескерткіштер кешеніне тап болады. Бұл – қазіргі Ұлан-Батордан 36 шақырым жердегі Налайхан тас көмір кешенінің алдындағы әйгілі Тоныкөк ескерткіші», – деп келтірген мәліметі нақтылай түседі [7, 35].

И.Қабышұлы жазған еңбектен келтірілген үзіктегі таңбалы жазуы бар ескерткіштер табылған «Кошөө цайдам» – әйгілі Күлтегін жазба ескерткіші орнатылған жер. Сол Күлтегін ескерткішінен 500 метр жерде біз арнайы алып сөз етіп отырған Білге қаған жазба ескерткіші тұрғызылған[8]. Сонда наймандардың астанасы болған Қара Қорым шаһарының маңынан дәу қабырға тастарға көне түркі руна әрпімен түсірілген, аса көлемді әрі құпия жазбасымен дүниені тандандырып, дүр сілкіндірген Күлтегін және Білге қаған мәдени ескерткіші, керейлердің астанасы болған «Төр-хурах» қаласы маңынан Тоныкөк ескерткіші табылып отыр.

Наймандар ежелгі заманда-ақ қазақ халқының құрамына кірген, қазірде де солай. Сондай-ақ, керейлер де қазақ халқының құрамына ерте заманнан енген аса көне әрі мықты тайпалардың бірі. Наймандар және керейлер тарих сахынасына Ғұн, Үйсіндердің ізін ала шыққан, Орхон жазуын меңгерген, өздерінше мемлекет атанған елдер. Олар салдырған қалалар жетерлік. Бұған Ә.Марғұланның кереймен үнгіттердің (уақ) жеріндегі үлкен қаланың бірі «Қатун сыны». Керейлер ғұн әдеті бойынша маралды ерекше қадірлеп, оған табынып жүрген. Наймандардың монғол дәуірінде қирап қалған қаласының аты «Ақбалық». Қара Қорым астанасында ел басқарған хандар, сұлтандар, бектер тұрған. Көп ғасырлар ішінде алдымен Орхон жазуын одан кейін ұйғыр жазуын өзіне дәстүр қылған елдер қыпшақтар, наймандар, керейлер, үнгіт-уақтар, меркиттер, барлығы ерте кезде үкімет құрған қазақ ұлысының тайпалары», –деп жазғаны негіз [9, 13-14].

Ә.Марғұлан еңбегінен келтірілген кішкентай үзікте біраз мәселе қамтылып айтылған. Осындағы әр сөз өз алдына жеке зерттеуді сұрап тұр. Мысалға, қазақ құрамына енген жоғарыда аталған тайпалардың көне түркі (Орхон) жазуынан кейін ұйғыр жазуын игеруінің бірнеше себебі бар. Ұйғыр жазуы көне түркі жазуынан кейін туындады. Ұйғырлар түркі мемлекетін құлатып, аз уақыт болса да өз үстемдігін жүргізді. Сол тұста қарым-қатынас, келісім-шарт үшін қазақ құрамына енген тайпалар ұйғыр жазуын меңгерген болса керек. Сол сияқты, Ә. Марғұланның «қазақ ұлысының тайпалары» деп атауында зор маңыз бар. Қысқа айтсақ, қазақ халқы скиф-сақтар дәстүрін сол күйінде қабылдап, сақтап, жалғастырды. Қазақ халқының құрамында көптеген тайпалардың болуы да содан. Атақты ғұлама Ш.Уәлихановтың зерттеуінше «қазақтың ескі дәуіріндегі аты «Алаш» деп аталған» [10, 42].

Иоллығ-тегін туралы Л.Н.Гумилевтің: «Бұл жазушы әрі тарихшы, екі орхондық жазу текстінің авторы еді. Өз әкесінің саясатын жалғастыра отырып, ол шиеленісті жағдайдан шығу жолын табуға тырысты», – деп жазғаны ептеп жөнге соғады [11, 32]. Шын мәнінде, Иоллығ-тегін туа бітті дана, ірі ақын, ақылды қаған, білікті саясаткер, терең білімді ойшыл, тарихи тұлға. Иоллығ-тегін жасаған шығармасына өмірдегі шындық оқиғаны арқау еткен. Л.Н.Гумилев ол тасқа түсірген жазбаны тарихи дерек үшін пайдаланған, өз ыңғайына қарай бұрып, оны тарихшы деп атаған.

Орхон бойында бүгінгі күнге дейін табылып жария болған 25-тен астам көне түркі руна жазба ескерткіштері бар. Кейбір зерттеушілердің биік тастардағы көне түркі жазбаларын: құлпытастарға түсіріп, қабыр басына қойылған жоқтау жыр деп ұйғарым жасағаны сондай сәуегейлік болжамнан туындаған[12, 50]. Келешекте әлгіндей жобалап жазылған болжамды ойсыз қайталап айтушыларға тоқтау болу үшін бұл рухани мұралардың бірі Білге қаған жазба ескерткішінің сыр-сипатын, өзіндік ерекшелігін шынайылықпен көрсетуді басты нысана еттік.

Қорытынды

Түркі қағандығын қалыптастырудағы ұлы жорықтар – адамзат тарихындағы маңызды саяси әрі мәдени үдерістердің бірі болып табылады. Бұл жорықтар тек әскери сипаттағы

әрекеттер ғана емес, сонымен қатар түркі халықтарының біртұтас мемлекет құрып, өз тәуелсіздігін нығайтуға бағытталған тарихи қадамдары ретінде бағаланады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Білге қаған дәуірінде Түркі қағандығы өзінің саяси, экономикалық және мәдени даму деңгейінің шыңына жетті. Оның көреген саясаты мен басқару жүйесі мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, халықаралық аренада беделінің артуына ықпал етті[13].

Көне түркі руна жазба ескерткіштері осы тарихи кезеңнің шынайы бейнесін сақтаған құнды дерек көзі болып табылады. Орхон, Енисей, Талас өңірлерінен табылған жазбаларда түркі қоғамының құрылымы, дүниетанымы және тарихи оқиғалары нақты әрі жүйелі түрде баяндалған. Бұл жазбалардың тілдік ерекшеліктері олардың қазақ халқының тілімен және мәдениетімен тығыз байланысты екенін дәлелдейді[14].

Сонымен қатар зерттеу барысында көне түркі жазба мұраларының толық әрі кешенді түрде зерттелмегені анықталды. Бұл бағыттағы ғылыми ізденістерді тереңдету, жаңа деректерді ғылыми айналымға енгізу және оларды ұлттық тарихпен сабақтастыра қарастыру - бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Қорыта айтқанда, көне түркі руна жазбалары - түркі өркениетінің асыл мұрасы әрі қазақ халқының тарихи жадын сақтаған баға жетпес құндылық. Оларды жан-жақты зерттеу, ғылыми тұрғыда негіздеу және әлемдік деңгейде таныту - отандық ғылымның маңызды міндеттерінің бірі.

Жоғары оқу орындарында оқытылатын - түркітануға кіріспе, жалпы тіл білімі пәндерінде және түрлі арнаулы семинарлар мен курстарды жүргізуде пайдалануға болады деп санаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Стеблева И.В. Древнетюркская литература и ее источники. Москва. Наука, 2021. С. 18-21
2. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. Алматы: Атамұра, 2020. С. 56-76
3. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы: ҚазАқпарат, 2022. 280 б. 143 бб.
4. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. Алматы. Раритет, 2021. С. 138-141
5. Бартольд В.В. Тюрки: исторические очерки. Алматы: Санат, 2020. 210 с. С.68
6. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Москва.: Восточная литература, 2021. 250 с. С.54
7. Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. Алматы: Қазақ университеті, 2022. 180 б. 35 б.
8. Қоңыратбаев Т. Көне түркі әдебиеті және қазақ фольклоры. Алматы. Білім, 2021. 150 б. 26 б.
9. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. Алматы: Таймас, 2023. 13-14 б.
10. Қайдар Ә. Қазақ тілінің тарихи негіздері. Алматы: Ғылым, 2020. 320 б. 42 б.
11. Tekin T. Orkhon Inscriptions: Old Turkic Texts and Translations. Ankara: Turk Dil Kurumu, 2021. 300 p. 32 p.
12. Clauson G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. London: Routledge, 2020. 150 p. 50 p.
13. Омарова Г.К. Түркі жазба мұраларының тарихи-мәдени сабақтастығы: филол. ғыл. докт. дисс. Алматы, 2023. 124 б. 21 б.
14. Сүлейменов Д.А. Көне түркі жазба ескерткіштерінің семантикалық құрылымы: PhD дисс. Шымкент, 2024. 218 б. 16 б.

Referens list:

1. Stebleva I.V. Drevnetyurkskaya literatura i ee istochniki. Moskva. Nauka, 2021. S. 18-21
2. Gumilev L.N. Drevnie tyurki. Almaty: Atamura, 2020. S.56-76

3. Margulan A.H. Ezhelgi jyr, anyzdar. Almaty: KazAkparat, 2022. 280 b. 143
4. Klyashtorny S.G., Sultanov T.I. Kazakhstan: letopis trekh tysyacheletii. Almaty: Raritet, 2021. S.138-141
5. Bartold V.V. Tyurki: istoricheskie ocherki. Almaty: Sanat, 2020. 210 s. S.68
6. Malov S.E. Pamyatniki drevnetyurkskoi pismennosti. Moskva. Vostochnaya literatura, 2021. 250 s. S.54
7. Amanjolov A.S. Turki filologiyasy jane jazu tarihy. Almaty. Kazakh universiteti, 2022.180 b. 35
8. Konyratbaev T. Kone turki adebieti jane kazakh folklory. Almaty. Bilim, 2021. 150 b. 26
9. Sartqojauly K. Orkhon muralary. Almaty: Taimas, 2023. 13-14 b.
10. Kaidar A. Kazakh tilinin tarihy negizderi. Almaty: Gylym, 2020. 320 b. 42 b.
11. Tekin T. Orkhon Inscriptions: Old Turkic Texts and Translations. Ankara: Turk Dil Kurumu, 2021. 300 p.32
12. Clauson G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. London: Routledge, 2020. 150 p. /50/
13. Omarova G.K. Turki jazba muralarynyn tarihy-madeni sabaqktastygy: filol. gyl. dokt. diss. Almaty, 2023. 124 b. /21/
14. Suleimenov D.A. Kone turki jazba eskertkishterinin semantikalyk kurylymy: PhD diss. Shymkent, 2024. 218 b. 16 b

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Бескемпирова Гульжан Кенесовна** – «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Зерттеу Университеті. Шымкент, Қазақстан. +7-707-505-9471, gulzhan.beskempirova@auezov.edu.kz